

Батыс-Қазақстан облысы Теректі ауданының 2024-2028 жылдарға арналған коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі бағдарламасын бекіту туралы

Батыс Қазақстан облысы Теректі аудандық мәслихатының 2024 жылғы 14 мамырдағы № 15-3 шешімі

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 365-бабы 3-тармағының 1) тармақшасының, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының негізінде Теректі аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Батыс-Қазақстан облысы Теректі ауданының 2024-2028 жылдарға арналған коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі бағдарлама осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Теректі аудандық мәслихатының төрағасы

А. Нургалиев

Теректі аудандық мәслихатының
2024 жылғы 14 мамырдағы
№ 15-3 шешіміне қосымша

Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданының 2024-2028 жылдарға арналған коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі бағдарлама

Мазмұны

Бағдарлама паспорты
Терминдер және анықтамалар,
Қабылданған қысқартулар

1. Кіріспе

2. Коммуналдық қалдықтарды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру

2.1 Орталықтандырылған қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау жүйесіне қатысушылардың міндеттері

2.2 Орталықтандырылмаған қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау жүйесіне қатысушылардың міндеттері

3. Аймақ бойынша жалпы мәлімет

4. Коммуналдық қалдықтарды басқарудың қазіргі жағдайын талдау

5. Бағдарламаның мақсаттары, міндеттері және нысаналы көрсеткіштері

5.1 Мақсаты мен міндеттері

5.2 Нысаналы көрсеткіштер

6. Бағдарламаның негізгі бағыттары, қойылған мақсатқа жету жолдары және тиісті шаралар

6.1 Коммуналдық қалдықтарды басқару механизмін құру

6.2 Қалдықтарды бөлек жинауды енгізу жөніндегі шаралар

6.3 Коммуналдық қалдықтардың түзілу санын азайту

6.4 Конкурс (тендер) өткізу арқылы ҚТҚ жинау, тасымалдау және көму жөніндегі субъектілерді айқындау және экологиялық заңнамаға сәйкес талаптарды белгілеу

6.5 Дербес деректерді бермей ҚШҰ үшін халықты тіркеу туралы мәліметтерге қол жеткізуді ұсыну

7. Іс-шаралар жоспары

1. Бағдарламаның паспорты

Бағдарламаның атауы	Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданының 2024-2028 жылдарға арналған коммуналдық қалдықтарды басқару бағдарламасы
Бағдарламаны әзірлеудің себептері	Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400-VI ҚРЗ Экологиялық Кодексінің 365 бабы
Бағдарламаны іске асыру мерзімі	2024 – 2028 жылдар
Жауапты мемлекеттік орган	"Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" ММ
Бағдарламаның мақсаттары	Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданының аумағында өндіріс және тұтыну қалдықтарымен жауапты жұмыс істеуді, қалдықтардың пайда болуын болғызбауды және азайтуды, оларды екінші шаруашылық айналымға тартуды қамтамасыз ететін коммуналдық қалдықтарды басқарудың тиімді жүйесін құру,оның ішінде: -экологиялық бағдарланған қалдықтарды жинау, сақтау, орналастыру, қайта өңдеу, кәдеге жарату инфрақұрылымын құру және дамыту; - э к о л о г и я л ы қ ж ә н е санитариялық-эпидемиологиялық заңнаманың талаптарына сәйкес келмейтін аумақтарды рекультивациялау не оларды жою үшін объектілерді айқындау; -қалдықтарды қайта өңдеу үлесіне қол жеткізу үшін жағдайларды қамтамасыз ету – жиналған қалдықтардың жалпы көлемінің 40%; -экологиялық білім беру және қалдықтарды жауапкершілікпен басқару бойынша халықтың экологиялық мәдениетін қалыптастыру.
	1) Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданының коммуналдық қалдықтарды кешенді басқарудың

<p>Бағдарламаның негізгі шаралары</p>	<p>ұйымдастырушылық және экономикалық негіздерін қалыптастыру;</p> <p>2) қалдықтардың әртүрлі түрлерін, соның ішінде қауіпті қалдықтарды жинау және тасымалдау жүйесін ұйымдастыру;</p> <p>3) инфрақұрылымдық ұйымдардан қалдықтарды бөлек жинауды енгізу;</p> <p>4) ҚТҚ сұрыптау және қайта өңдеу жүйесін енгізу;</p> <p>5) халыққа қалдықтарды бөлек жинау жөнінде түсіндіру жұмыстарын жүргізу және қалдықтарды бөлек жинау жөнінде іс-шаралар мен акцияларға халықты тарту;</p> <p>6) коммуналдық қалдықтарды басқару бойынша өңірлік операторларды конкурстық іріктеу:</p> <ul style="list-style-type: none"> - тұрмыстық қатты қалдықтармен жұмыс жөніндегі объектілерді салу және реконструкциялау; - табиғат қорғау және санитариялық-эпидемиологиялық заңнаманың талаптарына сәйкес келмейтін қатты тұрмыстық қалдықтарды орналастыру объектілерін пайдаланудан шығару және рекультивациялау; - қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы инвестициялық жобаларға мемлекеттік қолдау көрсету, қалдықтармен жұмыс істеу жүйесінің объектілерін салу және (немесе) реконструкциялау мақсатында шарттар жасасу.
<p>Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер</p>	<p>1) халықты қалдықтарды жинау және тасымалдау жөніндегі қызметтермен қамтуға қол жеткізу - 100% ;</p> <p>2) халықтан қайталама ресурстарды қабылдау пункттерінің санын ұлғайту: 2028 ж.-37 дейін;</p> <p>3) қатты коммуналдық қалдықтарды сұрыптау процесіне тартылған халықтың үлесі-2028 жылдың қорытындысы бойынша кемінде 70% ;</p> <p>4) қайта өңделген қатты тұрмыстық қалдықтардың үлесіне 2028 жылдың қорытындысы бойынша жиналған қалдықтардың жалпы көлемінің 40% - на дейін қол жеткізу;</p> <p>5) қатты коммуналдық қалдықтарды көмуге жіберілетін қатты тұрмыстық қалдықтардың үлесін қысқарту-2028 жылдың қорытындысы бойынша кемінде 60%;</p> <p>6) 2027 жылдың қорытындысы бойынша қалдықтарды рұқсатсыз орналастырудың анықталған орындарының жалпы санындағы қалдықтарды рұқсатсыз орналастырудың жойылған орындарының үлесі - 100 % ;</p> <p>7) 2028 жылға дейін – 1 сұрыптау желісі бар ҚТҚ жабдықталған полигондарын салу;</p> <p>8) қоқыс үйінділерін жою және жерді қайта құнарландыру-1;</p>

	<p>9) Қалдықтарды бөлек жинауға арналған қоқыс контейнерлерімен 100% қамтамасыз етуге қол жеткізу;</p> <p>10) Қоқыс үйінділерін санитарлық нормаларына сәйкес келтіру-2025 жылға қарай 100%.</p>
Бағдарламаны іске асыруды бақылауды ұйымдастыру	Бағдарламалық іс-шаралардың іске асырылуын бақылауды бағдарламаның жауапты орындаушысы жүзеге асырады.
Бағдарлама орындаушылары	"Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" ММ, коммуналдық қалдықтарды жинау, әкету, қайта өңдеу, кәдеге жарату және көму жөніндегі субъектілер; мемлекеттік мекемелер, әлеуметтік объектілер, заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлер, үкіметтік емес ұйымдар, халық және т.б. мүдделі тараптар.
Бағдарламаны қаржыландыру көздерінің көлемі	Жергілікті бюджет; Жеке инвестициялар; Қаржыландыру көлемі тиісті кезеңде Батыс Қазақстан облысының Теректі ауданында коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы іс-шараларды қаржыландыруға жергілікті атқарушы органдарға берілген бюджет қаражатының көлеміне қарай айқындалады.

Терминдер мен анықтамалар

Биологиялық ыдырайтын қалдықтар - анаэробты немесе аэробты ыдырауға қабілетті қалдықтар, соның ішінде бақша және саябақ қалдықтары, сондай-ақ тамақ өнеркәсібінің қалдықтарымен салыстырылатын тамақ қалдықтары, макулатура.

Коммуналдық қалдықтар - тұтыну қалдықтары, соның ішінде:

1) қағаз және картон, шыны, металдар, пластмассалар, органикалық қалдықтар, ағаш, тоқыма бұйымдары, орауыштар, пайдаланылған электр және электрондық жабдықтар, батареялар мен аккумуляторларды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, үй шаруашылықтарының аралас қалдықтары мен бөлек жиналған қалдықтары;

2) егер мұндай қалдықтар сипаты мен құрамы жағынан үй шаруашылықтарының қалдықтарына ұқсас болса, аралас қалдықтар және басқа көздерден бөлек жиналған қалдықтар.

Ірі көлемді қалдықтар - тұтыну және шаруашылық қызметтің (тұрмыстық техника, жиһаз және басқа) өзінің тұтыну қасиеттерін жоғалтқан және көлемі бойынша мамандандырылған көлік құралдарында тасымалдау мүмкіндігін болдырмайтын қалдықтар.

Электрондық және электр жабдығының қалдықтары - қалдықтарға жатқызылған, жарамсыз немесе пайдаланудан шыққан электрондық және электр жабдықтары, оның ішінде оның тораптары, бөліктері, бөлшектері.

Тамақ қалдықтары - тамақ өнімдерін өндіру және тұтыну нәтижесінде пайда болатын тамақ өнеркәсібінің қалдықтарымен салыстырылатын қалдықтар.

Құрылыс қалдықтары - ғимараттарды, құрылыстарды, өнеркәсіптік объектілерді, жолдарды, инженерлік және басқа да коммуникацияларды бұзу, бөлшектеу, реконструкциялау, жөндеу (оның ішінде күрделі) немесе салу процесінде пайда болатын қалдықтар.

Қатты тұрмыстық қалдықтар - қатты күйдегі коммуналдық қалдықтар.

Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинаудың орталықтандырылған жүйесі (бұдан әрі — орталықтандырылған жүйе) - меншік нысанына және қызмет түріне қарамастан, тұрғын үйлерде не жеке тұрған ғимараттарда (құрылыстарда) тұратын (тұрған) және (немесе) өз қызметін жүзеге асыратын және меншік құқығында контейнерлік алаңдар мен контейнерлері жоқ жеке және заңды тұлғаларды қамтамасыз ету шеңберінде жергілікті атқарушы органдар ұйымдастыратын жүйе, сондай-ақ меншік құқығында қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау, тасымалдау жөніндегі қызметтер, ортақ пайдаланылатын жерлерде орналасқан контейнерлік алаңдар мен контейнерлер бар жүйе.

Контейнерлік алаңдар - қатты тұрмыстық қалдықтарды тасымалдауды жүзеге асыратын мамандандырылған көлікке арналған кірме жолдары бар, қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға арналған контейнерлер орналастырылатын қалдықтарды жинақтауға арналған арнайы алаңдар.

Қабылданған қысқартулар:

ЖСҚ - жобалау-сметалық құжаттама

ҚМЖ - құрылыс-монтаждау жұмыстары

ЭК - Экологиялық кодекс

ҚР - Қазақстан Республикасы

КҚББ - коммуналдық қалдықтарды басқару бағдарламасы

ҚШҰ - қоқыс шығаратын ұйым

ЭжТРМ - Экология және табиғи ресурстар министрлігі

ҚР ӘМ - Қазақстан Республикасы Әділет министірлігі

ЖАО - Жергілікті атқарушы орган

ҚТҚ – Қатты тұрмыстық қалдықтары

1. Кіріспе

Осы коммуналдық қалдықтарды басқару бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің (бұдан әрі-ҚР ЭК) 365-бабына сәйкес әзірленді.

Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданында коммуналдық қалдықтарды басқарудың ағымдағы жағдайына талдау жүргізілді, мәселе анықталды және экологиялық заңнаманың талаптарына сәйкес коммуналдық қалдықтарды басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған шаралар кешені әзірленді.

Бағдарлама ұлттық стратегиялық, бағдарламалық және тұжырымдамалық құжаттардың, сондай-ақ халықаралық тәжірибенің басымдықтарын ескере отырып, 2024-2028 жылдар кезеңіне әзірленді және осы жүйені жетілдірудің мақсаттарын, міндеттері мен көрсеткіштерін және оларға қол жеткізу жөніндегі шараларды белгілейді.

Бағдарламаны іске асыру Батыс Қазақстан облысының Теректі ауданында коммуналдық қалдықтарды басқару жүйесін жетілдіруге, атап айтқанда коммуналдық қалдықтарды бөлек жинау, тасымалдау, қайта өңдеу жүйесін дамытуға, қалдықтарды кәдеге жарату және қайта өңдеу үлесін арттыруға, көмуге жіберілетін қалдықтар көлемін азайтуға, қалдықтармен жұмыс істеу бойынша халықтың хабардарлығын арттыруға әкеледі. Бағдарламаны іске асыру Батыс Қазақстан облысының Теректі ауданында коммуналдық қалдықтардың қоршаған ортаға теріс әсерін барынша азайтуға ықпал ететін болады.

Бағдарлама келесі нормативтік-құқықтық актілерге және нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленді:

2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400-VI ҚР Экологиялық кодексі;

2003 жылғы 20 маусымдағы № 442 ҚР Жер кодексі;

2003 жылғы 9 шілдедегі № 481 ҚР Су кодексі;

ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а.2021 жылғы 9 тамыздағы № 318 бұйрығы "Қалдықтарды басқару бағдарламасын әзірлеу қағидаларын бекіту туралы";

ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігінің 2023 жылғы 18 мамырдағы № 154 П бұйрығы "Жергілікті атқарушы органдарға коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеу бағдарламасын әзірлеу бойынша әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы";

ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2021 жылғы 6 тамыздағы № 314 бұйрығы "Қалдықтар сыныптауышын бекіту туралы";

ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-331/2020 бұйрығы "Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы";

ҚР Экология және биоресурстар министрлігінің 1997 жылғы 29 тамыздағы 03.3.0.4.01-96 қаулысы. "Өндіріс және тұтыну қалдықтарының қоршаған орта компоненттерінің улы заттармен ластану деңгейін анықтауға арналған әдістемелік нұсқаулық".

2. Коммуналдық қалдықтарды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру

ҚР Экологиялық Кодексінің 365-бабы 3-тармағының талаптарына сәйкес Теректі аудандық мәслихаты өз құзыреті шегінде коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі бағдарламаны (бұдан әрі - Бағдарлама) бекіту арқылы коммуналдық қалдықтарды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады.

Осы бағдарлама шеңберінде Теректі ауданының әкімдігі коммуналдық қалдықтарды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырады:

1) коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі бағдарламаны әзірлеуді және оның іске асырылуын қамтамасыз етуді ұйымдастыру;

2) коммуналдық қалдықтарды басқару объектілерін салуға және орналастыруға, оның ішінде контейнерлік алаңдарды және қайталама шикізатты қабылдау пункттерін орналастыру үшін жер учаскелерін бөлу;

3) коммуналдық қалдықтарды басқару кезінде қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету;

4) коммуналдық қалдықтарды бөлек жинауды ынталандыру;

5) Экологиялық кодекске, коммуналдық қалдықтарды басқару қағидаларына сәйкес коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеуге бақылауды жүзеге асыру, сондай-ақ коммуналдық қалдықтардың түзілу көлемін азайтуға, оларды қайта пайдалануға, қайта өңдеуге, кәдеге жаратуға және көмуге жататын коммуналдық қалдықтардың көлемін қысқартуға даярлау деңгейін арттыруға бағытталған іс-шаралар мен экономикалық құралдарды әзірлеу;

6) бөлек жинауды қоса алғанда, қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау, кәдеге жарату және қайта өңдеу жүйесінің тиімділігі туралы халықты хабардар ету;

7) бизнес объектілерінің иелері үшін қалдықтарды шығару жөніндегі жұмысты ұйымдастыру;

8) Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданының құрамына кіретін ауылдардың, ауылдық округтердің жергілікті атқарушы органдары коммуналдық қалдықтарды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырады:

1) коммуналдық қалдықтарды бөлек жинауды ынталандыру;

2) коммуналдық қалдықтарды тұрақты әкетуді ұйымдастыру.

2.1 Қатты тұрмыстық қалдықтарды жинаудың орталықтандырылған жүйесіне қатысушылардың міндеттері

Қалдықтарды жинаудың орталықтандырылған жүйесі - меншік нысанына және қызмет түріне қарамастан, тұрғын үйлерде не жеке тұрған ғимараттарда (құрылыстарда) тұратын (тұрған) және (немесе) өз қызметін жүзеге асыратын және меншік құқығында контейнерлік алаңдар мен контейнерлері жоқ жеке және заңды тұлғаларды қамтамасыз ету шеңберінде жергілікті атқарушы органдар ұйымдастыратын жүйе, ал сондай-ақ,

меншік құқығында ҚТҚ жинау, тасымалдау қызметтері, ортақ пайдаланылатын жерлерде орналасқан контейнерлік алаңдар мен контейнерлер бар жүйе.

Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданында қатты тұрмыстық қалдықтарды жинаудың орталықтандырылған жүйесі ұйымдастырылмаған.

Ауданның жергілікті атқарушы органдары техникалық, экономикалық және экологиялық орындылығын ескере отырып, орталықтандырылған жүйені:

1) Экологиялық кодекстің 367-бабының 4-тармағына және Экологиялық кодекстің 365-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік уәкілетті орган бекіткен коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі қағидаларға сәйкес ҚТҚ жинауды және тасымалдауды жүзеге асыратын ҚТҚ нарығына қатысушыларды айқындау жөнінде конкурс (тендер) өткізу;

2) тиісті елді мекендегі контейнерлік алаңдарда бөлек жинауға арналған контейнерлердің қажетті санын (2-ден кем емес) орнатуды ұйымдастыру, бұл халық саны, қалдықтардың жинақталу нормалары, мерзімдері секілді факторлар ескеріле отырып айқындалады;

3) елді мекенде контейнерлік алаңдардың және қайталама шикізатты қабылдау пункттерінің орналасуын айқындау;

4) Экологиялық кодекстің 365-бабына және Экологиялық кодекстің 368-бабының 5-тармағына сәйкес қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекіткен тізбеге енгізілген қалдықтарды басқару саласындағы ұлттық стандарттарға сәйкес контейнерлік алаңдар мен пайдаланылатын контейнерлерді бірыңғай салуды немесе реконструкциялауды іске асыру;

5) бөлек жиналған қалдықтарды тасымалдауды ұйымдастыру;

6) қалдықтарды бөлек жинау бойынша халықпен түсіндіру және ақпараттық жұмысты ұйымдастыру.

2.2 Қатты тұрмыстық қалдықтарды жинаудың орталықтандырылмаған жүйесіне қатысушылардың міндеттері

Жеке тұрған ғимараттарда (құрылыстарда) қызметін жүзеге асыратын заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлер орталықтандырылған жүйеге жатпайтын қалдықтарды басқару саласындағы кәсіпкерлік субъектілерінің қызметтерін пайдалану кезінде заңға сәйкес рұқсаттар мен хабарламалар тізіліміне енгізілген қалдықтарды басқару саласындағы кәсіпкерлік субъектілерімен қатты тұрмыстық қалдықтарды тасымалдауға шарт жасасуға міндетті.

3. Аймақ бойынша жалпы мәліметтері

Батыс Қазақстан облысының Теректі ауданына 15 ауылдық округ кіреді, оның құрамына 49 ауыл кіреді (1 кесте). Халық негізінен жеке секторда тұрады, жалпы саны 39761 адам

1 кесте

Ауылдық округтер	Елді мекендер	Халық саны
Ақжайық ауылдық округі	Ақжайық ауылы	2862
	Абай ауылы	667
	Санаторий Ақжайық ауылы	203
	Ыждағат ауылы	121
	Талпын ауылы	318
Ақсоғым ауылдық округі	Ақсоғым ауылы	556
	Үлкен Еңбек ауылы	384
	Бозай ауылы	158
	Табынбай ауылы	70
Ақсуат ауылдық округі	Ақсуат ауылы	1098
	Пойма ауылы	863
	Магистральный ауылы	608
	Айтиев ауылы	233
Аңқаты ауылдық округі	Аңқаты ауылы	995
	Балықцех ауылы	55
	Ерсары ауылы	55
	Қандық ауылы	83
	Сатымшеген ауылы	58
	Новая точка ауылы	3
Богданов ауылдық округі	Богдановка ауылы	417
	Придорожный ауылы	58
	Сарсеново ауылы	33
	Алғабас ауылы	218
Долин ауылдық округі	Долин ауылы	843
	Төнкеріс ауылы	385
	Қоныссай ауылы	68
	Шөптікөл ауылы	190
Подстепный ауылдық округі	Подстепный ауылы	9671
	Барбастау ауылы	823
	Юбилейное ауылы	430
	Токпай ауылы	463
Приречный ауылдық округі	Приречный ауылы	700
Покатиловка ауылдық округі	Покатиловка ауылы	949
Ұзынкөл ауылдық округі	Ұзынкөл ауылы	859
	Теректі ауылы	5325
	Жайық ауылы	628

Теректі ауылдық округі	Таксай ауылы	109
	Қабылтөбе ауылы	45
Шалқар ауылдық округі	Шалқар ауылы	149
	Сарыөмір ауылы	1344
	Дуана ауылы	118
Шағатай ауылдық округі	Шағатай ауылы	1055
	Қызылжар ауылы	275
	Құтсиық ауылы	28
	Қоғалытүбек ауылы	303
Құмақсай ауылдық округі	Құмақсай ауылы	655
Шаған ауылдық округі	Жаңа Өмір ауылы	3710
	Кемер ауылы	466
	Бекей ауылы	54

4. Қалдықтарды басқарудың ағымдағы жағдайын талдау

Соңғы 3 жылда пайда болған ҚТҚ қалдықтарының көлемі - 45 499 тонна, әкетілгені -35 670 тонна.

2024 жылдың ақпан айындағы жағдай бойынша Батыс Қазақстан облысының Теректі ауданында толықтылығы 50%-ға жуық қатты тұрмыстық қалдықтардың 29 үйіндісі бар. Сондай-ақ 2 рұқсат етілмеген үйінді бар.

Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданында контейнерлік алаңдардың саны 49 (оның ішінде жөндеуді қажет ететін 25), контейнерлер саны 519.

Коммуналдық қалдықтарды жинау және тасымалдау жоспар бойынша бекітілген аумақтарда жүзеге асырылады.

Теректі және Подстепный ауылдық округтерінде ҚТҚ шығаруды сенімгерлік басқару негізінде ЖК "Иванич" және ЖК "Ғабдрахманов" жүзеге асыруға мүмкіндігі бар. Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданының коммуналдық қалдықтарды шығару қызметімен қамтылған тұрғындарының саны-15 743 (Подстепный ауылы – 11 270 адам, Теректі ауылы – 4 472 адам, Ақсоғым ауылы-1 адам).

Теректі ауылдық округі бойынша коммуналдық ҚТҚ шығару жөніндегі қызметтер үшін абоненттік берешек пайызы-40%. Қалған елді мекендер бойынша-белгіленбеген.

Коммуналдық қалдықтарды басқару саласындағы инфрақұрылымның жай-күйі бойынша жалпы мәліметтер 2-кестеде келтірілген.

2 кесте

№ п/п	Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Саны
			2024
1	Бөлек жинақ	тонна	жоқ
2	Қалдықтарды тасымалдауға арналған арнайы техника	бірлік	3

3	Коммуналдық қалдықтарды сұрыптау	м3	-
4	Коммуналдық қалдықтарды қайта өңдеу	м3	-
5	Жыл сайынғы коммуналдық қалдықтарды көму	тонна	98
6	Жабдықталған полигондар	бірлік	-
7	Жабдықталмаған полигондар (қоршаусыз, жарықтандырусыз, қалдық газдарды жоюсыз)	бірлік	29

Қалдықтарды жинау, сұрыптау және тасымалдау

Батыс Қазақстан облысы Теректі аудандық мәслихатының 2022 жылғы 23 желтоқсандағы № 31-4 шешімімен 3-кестеге сәйкес Теректі ауданы бойынша қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге халық үшін тарифтер белгіленді.

3 кесте

Атауы	Есеп бірлігі	Теңге (Қосылған құн салығынсыз)
Абаттандырылған үй иелері	айына 1 тұрғыннан	285,95
Абаттандырылмаған үй иелері	айына 1 тұрғыннан	315,64
Бірлікке жылдық тариф (көлем)	1 м3	1 875,11

Қалдықтарды жинау, орналастыру және тасымалдау тәртібі коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі талаптарға сәйкес жүргізіледі.

Қалдықтарды сұрыптау, сақтау, кәдеге жарату, бейтараптандыру, өткізу жүзеге асырылмайды.

Қалдықтарды қайта өңдеу


Батыс Қазақстан облысының Теректі ауданында қалдықтарды қайта өңдеу объектілері жоқ. ҚТҚ-ны сұрыптау және қайта өңдеу бойынша объектіні ұйымдастыру, сондай-ақ саны 500 адамнан асатын елді мекендерде қайта өңдеуге жіберу үшін шыны ыдысты, картонды және қара және түсті металл сынықтарын қабылдау пункттерін ұйымдастыру қажет.

Қалдықтарды кәдеге жарату және орналастыру

Соңғы 3 жылда жиналған 45 499 тонна қалдықтың 35 670 тоннасы шығарылды.

Бұл ретте қалдықтардың кейбір түрлерін арнайы бөлінген орындарға орналастыру, сондай-ақ мамандандырылған ұйымдар 4-кестеге сәйкес кәдеге жарату қажет.

ҚТҚ морфологиялық құрамы



4 кесте

№ п/п	Тыйым салынған қалдықтардың түрі	Өлшем бірлігі	Саны	Жоюдың қажетті әдістері
1	Сұйық күйдегі қалдықтар	м3	-	Арнайы бөлінген сүзгі өрістері
2	Медициналық қалдықтар (Б,В класс қалдықтары)	кг	-	Медициналық құралдарды жою
3	Биологиялық қалдықтар (ветеринария)	кг	-	мал қорымдарына орналастыру
4	Пластмасса қалдықтары	т	5 004,89	Қайта өңдеу
5	Қағаз, картон және қағаз қалдықтары	т	11374,75	Қайта өңдеу
6	Құрамында сынап бар шамдар мен құрылғылар	шт.	-	Мамандандырылған ұйыммен кәдеге жарату
7	Шыны ыдыстар	бут	2 730	Қайта өңдеу
8	Шыны сынықтары	т	-	ҚТҚ полигоны
9	Түсті және қара металдардың сынықтары	т	1 819	Қайта өңдеу
10	Литий, қорғасын-қышқылды аккумуляторлар	кг	-	Арнайы кәдеге жарату ұйымы
11	Электрондық және электрлік жабдықтар	кг	-	Арнайы кәдеге жарату ұйымы
12	Қызметтен шыққан көліктер	шт.	-	Арнайы кәдеге жарату ұйымы

13	Құрылыс қалдықтары	м3	-	Қ Т Қ полигондарының арнайы бөлінген учаскелері
14	Тамақ қалдықтары	м3	-	Арнайы тағайындалған сүзгі өрістері

Ескертпе:

*шамамен алынған мөлшер

**үй шаруашылықтары отын ретінде ескі жиһаз түріндегі көлемді қалдықтарды пайдаланады

Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданы ауылдық округтерінің тұрғындарынан коммуналдық қалдықтардың пайда болу көлемін есептеу.

Батыс Қазақстан облысы Теректі аудандық мәслихатының 2022 жылғы 1 қарашадағы № 28-1 шешімі негізінде Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларына сәйкес жайластырылған үй иеліктерінен қалдықтардың пайда болуы мен жинақталуының жылдық нормасы бір тұрғынға 1,83 м3 және жайластырылмаған үй иелерінің (жеке сектордың)бір тұрғынына 2,02 м3 құрайды.

Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге халыққа арналған тарифтерді есептеу әдістемесіне сәйкес коммуналдық қалдықтардың орташа тығыздығы (Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 14 қыркүйектегі бұйрығы. 2021 ж. № 377) 0,2 тонна/ м3 құрайды.

Коммуналдық қалдықтардың түзілуін есептеу келесідей жүргізіледі:

Қалдықтардың көлемі, м3 = халық саны, адам * коммуналдық қалдықтардың түзілу нормасы, м3

Қалдықтардың нақты көлемі, м3 = 39761 адам * 2,02 м3 /бір адамға = 80 317,22 м3.

Қалдықтардың салмағы, тонна = қалдықтардың көлемі, м3 * ҚТҚ орташа тығыздығы, тонна /м3

Қалдықтардың салмағы = 80317,22 м3 * 0,2 тонна / м3 = 16 063,444 тонна қалдық.

Осылайша, коммуналдық қалдықтардың түзілуінің орташа жылдық нормативтік көлемі 80 мың м3 ҚТҚ немесе 16 мың тонна қалдықты құрайды. Бұл жылына 15 166,3 тонна түзілетін қалдықтардың нақты мөлшеріне сәйкес келеді.

Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданы округтері бойынша ҚТҚ түзілуінің жылдық нормативтік көлемі (5-кесте).

5 кесте

№ п/п	Елді мекеннің атауы	Тұратын халықтың саны, адам	Коммуналдық қалдықтардың жиналуының жылдық нормасы, м3	1 м3 ҚТҚ салмағы, тонна	ҚТҚ түзілуінің жылдық көлемі, тонна=C*D*E
-------	---------------------	-----------------------------	--	-------------------------	---

1.	Ақжайық ауылдық округі 5 ауыл	4171	2,02	0,2	1685,084
2.	Ақсоғым ауылдық округі 4 ауыл	1168	2,02	0,2	471,872
3.	Ақсуат ауылдық округі 4 ауыл	2802	2,02	0,2	1132,008
4.	Анқаты ауылдық округі 5 ауыл	1249	2,02	0,2	504,596
5.	Богдановка ауылдық округі 4 ауыл	726	2,02	0,2	293,304
6.	Долин ауылдық округі 4 ауыл	1486	2,02	0,2	600,344
7.	Подстепный ауылдық округі 4 ауыл	11387	2,02	0,2	4600,348
8.	Приречный ауылдық округі 1 ауыл	700	2,02	0,2	282,8
9.	Покатиловка ауылдық округі 1 ауыл	949	2,02	0,2	383,396
10.	Ұзынкөл ауылдық округі 1 ауыл	859	2,02	0,2	347,036
11.	Теректі ауылдық округі 4 ауыл	6107	2,02	0,2	2467,228
12.	Шалқар ауылдық округі 3 ауыл	1611	2,02	0,2	650,844
13.	Шағатай ауылдық округі 4 ауыл	1661	2,02	0,2	671,044
14.	Құмақсай ауылдық округі 1 ауыл	655	2,02	0,2	264,62
15.	Шаған ауылдық округі 3 ауыл	4230	2,02	0,2	1708,92
	Жалпы	39 761 адам			16 063,444 тонна

2024 жылғы қалдықтардың ағымдағы жағдайының сандық және сапалық көрсеткіштері

Коммуналдық қалдықтардың негізгі үлесі үй шаруашылықтарының қалдықтарына тиесілі – 70% - дан астам, 15% - өндіріс қалдықтары (тұрмыстық қалдықтарға тең), 10% - көшелерден жиналған қалдықтар, 5% - сауда орындарының қалдықтары.

2024 жылғы қалдықтарды басқару жөніндегі іс-шараларды талдау

Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданының аумағында барлық қалдықтар жинақтау үшін қоқыс үйінділеріне шығарылады, бұл ретте бүгінгі күні ҚТҚ қоқыс үйінділері санитарлық ережелердің талаптарына және кәдеге жаратудың экологиялық нормаларына сәйкес келмейді. Кейбір қоқыс үйінділері қоршаулармен жабдықталған.

6 кестеде қолданыстағы қоқыс үйінділері және контейнерлердің болуы туралы ақпарат беріледі.

6 кесте

№	Округ	№	Елді мекен	Қоқыс үйіндісінің елді мекеннен қашықтығы (км)	Өлшемі (га)	Контейнерлердің нақты саны	Қалдықтардың түзілу нормасы, м3	Тұрғындар санына негізделген ең аз талап етілетін сан*
1	Ақжайық ауылдық округі	1	Ақжайық	1,5	9	0	5 781,2	42**
		2	Абай	0,8	6	0	1 347,3	10
		3	Талпын	0,4	0,5	0	642,4	4
		4	Санаторий Ақжайық	20	6	0	410,1	4
		5	Ыждағат	22	6	0	244,4	2
2	Ақсуат ауылдық округі	6	Ақсуат	0,5	4	40	2 218	16**
		7	Пойма	1	4	0	1 743,3	12
		8	Магистральное	3	4	0	1 228,2	8
		9	Айтиев	5	4	0	470,7	4
3	Аңқаты ауылдық округі	10	Аңқаты	5	18,6	3	2 009,9	12
		11	Новая точка	3	0,4	0	6,1	Аңқаты ауылынан шығару
		12	Қандық	2	0,4	0	167,7	2
		13	Ерсары	3	0,4	0	111,1	2
		14	Сатымшеген	2	0,4	0	117,7	2
4	Ақсоғым ауылдық округі	15	Балықцех	3	0,7	0	111,1	2
		16	Ақсоғым	1,2	5	1	1 123,1	8
		17	Үлкен Еңбек	2	4	1	775,7	6
		18	Бозай	0,8	3	1	319,2	2
		19	Табынбай	1,5	1	1	141,4	2
		20	Богдановка	0,8	4	0	842,3	6
		21	Придорожный	8	4	0	117,7	2

	Богданов ауылдық округі	22	Сарсенов	14	4	0	66,7	Алғабас ауылынан шығару
		23	Алғабас	13	4	0	440,4	4
6	Долин ауылдық округі	24	Долин	1	3,1	0	1 702,9	12
		25	Төңкеріс	1,7	4	0	777,7	6
		26	Шөптікөл	0,8	2	0	383,8	4
		27	Қоныссай	0,6	1	0	137,4	2
7	Құмақсай ауылдық округі	28	Құмақсай	0.2	3	0	1 323,1	10
8	Покатилов ауылдық округі	29	Покатилов	0,630	5,4	0	1 917	14
9	Подстепное ауылдық округі	30	Подстепный	16	6	250	19 535,4	140**
		31	Юбилейный	12	6	0	868,6	6
		32	Барбастау	6	6	0	1 662,5	12
		33	Токпай	20	6	20	935,3	6
10	Приречное ауылдық округі	34	Приречный	3	4	пластик үшін 8	1 414	10
11	Ұзынкөл ауылдық округі	35	Ұзынкөл	1	4	пластик үшін 5	1 735,2	12
12	Теректі ауылдық округі	36	Теректі	2,5	5	252	10 756,5	80**
		37	Тақсай	1,5	-	0	220,2	2
		38	Жайық	1 шқ дейін	-	0	1 268,6	10
		39	Қабылтөбе	0	0	0	90,9	2
13	Шаған ауылдық округі	40	Жаңа Өмір	2	6	15	7 494,2	54
		41	Кемер	2	2.5	0	7 934,2	6
		42	Бекей	18	6	0	109,1	2
14	Шағатай ауылдық округі	43	Шағатай	0,5	3	0	2 131,1	16
		44	Қызылжар	2	1	0	555,5	4
		45	Құтсиық	6	1	0	56,6	2
		46	Қоғалытөбек	2	1	0	612,1	4
15	Шалқар ауылдық округі	47	Шалқар	1		0	301	2
		48	Сарыөмір	1	2	20	2 714,9	20
		49	Дуана	1		0	238,4	2

*контейнердің көлемі 750 м3 болғанда;

**мекемелер мен ұйымдарға арналған контейнерлер санын есептемегенде

Қоқыс үйінділері пайдалану мерзімін аяқтады, қалпына келтіру, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сондай-ақ қоршауларды орнату қажет.

Подстепный ауылындағы қоқыс үйіндісі белгіленген жүктемеден асады, сондай-ақ жақын орналасқан объектілердің шекараларын бұзуда. Осыған байланысты осы қоқыс үйіндісін жою, жер учаскесін рекультивациялау талап етіледі және қалдықтарды көму пунктін қамтамасыз ету мақсатында Жаңа Өмір ауылындағы ҚТҚ полигонын қоқыс сұрыптау желісін, пресс-қондырғыларды және арнайы көлікті орнатумен толықтай инженерлік жобалау қажет.

Қалдықтардың пайда болу көздерінен қалдықтарды бөлек жинау жүйесі жоқ.

Қалдықтардың органикалық бөлігі қоқыс үйінділеріне шығарылмайды. Органикалық қалдықтардың едәуір бөлігі үй жануарларына беріледі немесе үй жағдайында компост жасалады.

